


**С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**

КАФЕДРА: ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

Тақырыбы: Дәрілік фармация. Дәрілік заттарды тиімді үйлестіру мақсатындағы дәлелді медицина қағидалары. Дәрілік заттардың өзара әсері. Дәрілік заттардың жанама әсері.



Фармация (грек. pharmakeia — дәрі, дәріні қолдану)

— денсаулық сақтау ісінің халыққа дәрімен көмек көрсетуді іске асыратын бір саласы. Фармацияның теориялық негізіне дәрілік заттарды анықтау, іздеу, оларды зерттеу, дайындау, қалыптау және шығару, сұрыптау, стандарттау, сақтау, тарату және фармациялық қызметті ұйымдастыру жатады. Фармация ұғымы ертеден белгілі. Алғашқы кезде емдейтін адам өсімдік, жануар және минералдық заттардан алынатын дәрілерді өзі дайындап, науқасқа өзі тағайындады. Сондықтан да мұндай емдеулер көп жағдайда әр түрлі әдет-ғұрып және ырым-жоралармен жасалды. Біртіндеп дәрілік шикізаттарды жинайтын, олардан әр түрлі дәрілер жасап, дұрыс сақтап, сататын адамдар шыға бастады. Ежелгі Мысырда оларды фармаки (аурудан жазатын, қауіпсіздік сыйлайтын адам) деп атады.

Фармацевтикалық сақтау (Pharmaceutical care)- науқастарда аурулардың симптомдарын қысқарту, немесе аурулардың алдын алу, симптомдары бар науқастарды дәрілік терапиямен қамтамасыз ету, аурудың процессін баяулату. Бұл процессте клиникалық фармацевт науқастардан алынған зертханалық деректерді ескере отырып, дәрігер қойған диагнозды талап етеді. Клиникалық фармацевт ауруың барысын, әр түрлі препараттың әсерін, фармакотерапияның орындылығын дұрыс түсіну үшін дәрігер мен науқаспен тығыз жұмыс істеуге тиіс.

Фармакотерапия - (. Ежелгі грек *Φάρμακον* - дәрі-дәрмек және терапия), дәрілік заттармен немесе фармакологиялық агенттермен емдеу және оны симптомды терапия немесе этиотропты деп атайды. Фармакотерапия –патогенетика. Себебі, дәрілік құрамды ағзаға қолданғанда аурудың дамуына әсерін тигізуі мүмкін.

«Дәлелді дәріхана»термині алғаш рет 2000 жылы Кристин Вонкттың «Дәлелдемелі Фармация» кітабында енгізілді.Қазіргі заманғы дәріханаға негізделген 5 перспективалы бағыттары бар:

- 1.Рецепт бойынша берілетін дәрілер
- 2.Созылмалы ауруларды емдеу-науқастарды дәрі мөлшерімен қамтамасыз ету
- 3.Өзін емдеуге деген жауапкершілік
- 4.Салауатты өмір салтын қолдау үшін
5. Басқа да денсаулық сақтау мамандарға көмек көрсету үшін

Дәлелді фармация-(ағылшын.

Evidence–based Pharmacy)

фармакоэкономикалық және
фармацевтикалық деректерге негізделген
қазіргі заманғы ақпараттың интегративті
бағыты, дәрілік заттарды пайдалану
бойынша сенімді деректерді қалыптастыру
болып табылады және экономикалық
көрсеткіштері ұтымды және ұтымсыз
фармакотерапияның қауіпсіздік
көрсеткіштерін білдіреді.

Дәлелді фармация тапсырмаларымен мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың бөлімшелері, академиялық мекемелер, әр түрлі деңгейдегі дәрілік ақпарат берушілер айналысады. Олар дәлелденген фармакотерапиялық ақпаратты білікті дәрігер, фармацевт сияқты оқытады, жинайды, бағалайды және пациенттерге ұсынады.

Нұсқамалы және нұсқамасыз дәрілік заттардың клинико-фармакологиялық қауіпсіздігі.

1. Жауапты өзін-өзі емдеу мен оның тәуекелдері.

Фармакоқадағалау

2. Дәрінің жанама әсері.

Жауапты өзін-өзі емдеу-дәрі-дәрмек пен емдеу шараларын медициналық мекемелердің, дәрігердің тағайындау және қадағалау көмегіне жүгінбей өз бетінше қабылдауы. Өзін-өзі емдеу ұғымына сонымен қатар, медициналық білімі жоқ тұлғаның көмегіне жүнгіну де кіреді.

Жауапты өзін-өзі емдеу артықшылықтары:

- Қысқартылған уақыты мен науқастардың құны;
- Денсаулық сақтау нысандары мен дәрігерлерге жүктемені азайту;
- Фармацевтикалық қамқорлық қарқынды енгізу;
- Фармацевтикалық компаниялардың пайдаға артуы;
- Ұйғарымын орындамаған дәрі-дәрмек номенклатурасын белсенді қалыптастыру.

Фармакоқадағалау - дәрілік заттарға қолайсыз реакциялар туралы деректерді жинау, ақпаратты ғылыми бағалау және тиісті нормативтік шешімдер қабылдайтын мемлекеттің мониторинг жүйесі.

Фармакоқадағалау құрылымы

Емдеу кезінде дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен тиімділігі туралы ақпаратты жинау, талдау және синтездеу. Алдын тіркелген препараттардың қауіпсіздігін арнайы сараптамалық бағалау.

Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасы бойынша, аурудың алдын алу, диагностикалау, емдеу мақсатында тағайындалған препараттың ағзаға кез келген кері жағымсыз әсерін дәрілік заттардың жанама әсері деп атайды.

Дәрілік заттардың жағымсыз әсерлері көбіне полипрагмазия, өз-өзін емдеу, дәрілік затты мөлшерден тыс қолдану салдарынан күшті фармакологиялық әсердің дамуынан (мысалы, қан қысымын төмендететін препараттарды мөлшерден тыс қолдану салдарынан гипотензияның дамуы), бір-бірінің әсерін күшейтетін бір бағытта әсер ететін дәрілік затты бірге қабылдау (мысалы варфарин мен аспирин), туа біткен сезімталдылық, генетикалық бейімділік салдарынан дамуы мүмкін.

Дәрілік заттардың өзара әсерлесулері – ол дәрілік заттарды бір уақытта жиі қолдануда және олар негізгі әсердің айқындығын, сипатын және жанама әсерлерін күшейте немесе әлсірете отырып бір – бірімен өзара әсерлесуін қарастырады.

Дәрілік заттардың өзара әсерлесуін былай жіктеуге болады:

1. Дәрілік заттардың фармакокинетикасының өзгеруіне негізделген
2. Дәрілік заттардың фармакрдинамикасының өзгеруіне
3. Ағза ортасына химиялық және физикалық өзара әсерлесуі.

Дәрілік заттардың жанама әсерлерінің даму қаупін төмендету үшін не істеу қажет?

Ол үшін, препаратты қабылдамас бұрын қолдануға болатындығы не болмаса болмайтындығы туралы дәрігерден кеңес алған жөн.

Дәрігер науқасқа дәрілік затты тағайындамас бұрын, мүмкін болатын қауіпті бағалап (нұсқауда немесе анықтамалықта көрсетілген «Қарсы көрсеткіштер», «Жанама әсерлер», «Сақтық шаралары» графаларымен танысып) науқас денсаулығына қауіпсіздігін бағалайды.

Екіншіден, науқастың өзі де препаратты қолдану нұсқауымен әсіресе, «Қарсы көрсеткіштер», «Жанама әсерлер», «Сақтық шаралары», «Мөлшерден тыс қолдану», «Ерекше нұсқаулар» графаларымен мұқият танысқаны жөн. Қорыта келгенде, дәрігердің жазып берген нұсқауын қатаң түрде орындап, өз денсалықтарыңызға асқан жауапкершілікпен қарап, салауатты өмір сүру қағидалары бойынша өмір сүргеніңіз жөн.

ӨТЕ МАҢЫЗДЫ! Жанама әсер дами қалған жағдайда «дабыл картасын» толтыру үшін, міндетті түрде емдеуші дәрігеріңізге не болмаса, препаратты сатып алған жердегі фармацевтке хабар бергеніңіз жөн

**Назарларыңызға
рахмет!**